




ЖОҒАРЫ АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

**САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:**  
**Ел болашағы. Шылау сөздер.**



## ШЫЛАУ

Сөздер мен сөйлемдерді байланыстыратын және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына беретін сөз табы.

**СЕПТЕУЛІК  
ШЫЛАУ  
(послелог)**

**(БЕЛГІЛІ БІР  
СЕПТІКТЕ  
ТҰРҒАН СӨЗБЕН  
ҒАНА ТІРКЕСІП  
ҚОЛДАНЫЛАДЫ)**

**ЖАЛҒАУЛЫҚ  
ШЫЛАУ  
(союзы)**

**(СӨЗДЕР МЕН  
СӨЙЛЕМДЕРДІ  
БАЙЛАНЫСТЫРА  
ДЫ)**

**ДЕМЕУЛІК  
ШЫЛАУ  
(частицы)**

**(СӨЗДЕРДІ  
БАЙЛАНЫСТЫР  
МАЙДЫ. ТЕК ӨЗІ  
ТІРКЕСКЕН  
СӨЗГЕ  
ҚОСЫМША  
МАҒЫНА  
БЕРЕДІ)**

[referatikz.ru](http://referatikz.ru)

ТІЛІМІЗДЕ ТОЛЫҚ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ ЖОҚ, БІРАҚ СӨЗ БЕН СӨЗДІ, СӨЙЛЕМ МЕН СӨЙЛЕМДІ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН СӨЗДЕР **ШЫЛАУ СӨЗДЕР** ДЕП АТАЛАДЫ. ШЫЛАУДЫ МАҒЫНАСЫНА ҚАРАЙ ҮШКЕ БӨЛІНЕДІ:

**1.Септеулік шылау** - белгілі бір септікте тұрған сөзбен ғана тіркесіп қолданылады.

Септіктермен тіркесіп айтылатын септеулік шылаулар:

Атау септік: туралы, сияқты, үшін, сайын, т.б. Жыл сайын.

Барыс септік: дейін, қарай, тарта, жуық, таман т.б. Үйге дейін.

Шығыс септік: кейін, соң, әрі, гөрі, бері т.б. Сабақтан соң.

Көмектес септік: бірге, қатар, қабат т.б.

**2.Демеулік шылау** - сөздерді байланыстырмайды, тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді.

Сұраулық демеулік: ма, ме, ба, бе, па, пе, ше

Күшейткіш демеулік: -ақ, -ау, -ай, -да, -де, -та, -те т.б

Белгісіздік демеулік: - ау, - мыс, - міс, - кейде т.б

Болымсыздық демеулік: түгіл, тұрсын, тұрмақ т.б.

Шектік демеулік: ғана, тек, кейде, ақ т.б

Нақтылау демеулік: -ды, -ді, -ты, -ті, ғой

**3. Жалғаулық шылау** – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра байланыстырады.

Ыңғайлас: және, әрі, да, де, ма, ме т.б.

Қарсылықты: бірақ, дегенмен, алайда, сонда, да т.б.

Себеп – салдар: өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін т.б.

Талғаулықты : не, немесе, я, болмаса, яки т.б.

Қарсылықты: бірақ, дегенмен, алайда, сонда, да т.б.



## Ой қозғау. <https://youtu.be/FRS9FRYRYG>

- «Жолдау» деген не?
- Жолдаудың негізгі мақсаты қандай?
- Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдаулары туралы не білесің?



## ОҚЫЛЫМ.

**2-ТАПСЫРМА.** Мәтінді оқы. Мәтінге ат қой. Мәтіннің идеясын анықта. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жаз.

- Елбасымыз Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұр,- деп жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын ету, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек.
- Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында аянбай тер төгеді. Сол себепті, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен-ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударып, бүгінгі жастар – болашақ Қазақстанның жарқын бейнесі екенін жеткізді.
- Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолдарымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез - келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.
- Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқыланды – оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындығын аңғартады. Статистика агентігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4, 5 миллтоннан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз халқымыздың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастарды бүгіннен бастап тәрбие алуы мен отан сүйгіштік қасиеттерінің дамуына ықпал жасау қажет. Ең әуелі жастар бойына рухани – адамгершілік, саяси интелектік, құқықтық тәрбие басым болған жөн. Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге әзір. Сол себепті жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге халықтың басты парызы. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры.

## Дескриптор.

Мәтінге ат қойып, идеясын анықтайды.

Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, тірек сөздерді теріп жазады.



### **3-тапсырма. Шылаулардың астын сызыңдар.**

1. Әжем ауылдан мен үшін келді. 2. Бұл көлік үйге таман келіп тоқтады. 3. Біз ауылға дейін автобуспен барамыз. 4. Жиналыс сағат үшке таман басталды. 5. Қысқа қарай күн суытады. 6. Марат досы туралы айтты. 7. Офисте жиырмаға тарта қызметкер жұмыс істейді.

### **4-тапсырма. Қажетті жалғаулық шылаулардың бірін қойып жазыңыз.**

Әсет ... Алия азық-түлік дүкеніне барды. Олар дүкеннен қант ... май, шай ... нан сатып алды. Олар бүгін .... стадионға, киноға барады, ... сабақ оқиды. Арман жақсы бала, ... сабақ оқуға жалқаулау. Олар спортпен .... сурет салумен шұғылданады.

### **Дескриптор.**

Шылауларды тауып ажыратады.

Тиісті шылауды қояды.



## РЕФЛЕКСИЯ: СҰРАҚ-ЖАУАП.

- Қандай ой пайда болды?
- Не сезіндім?
- Не ұнады?- деген сұрақтарға жауап алу.

